# ӘЛЕМ ТАНЫҒАН АҚСАҚАЛ

**Қарағанды облысына қарасты Шет ауданында тұратын 74 жастағы Дәрібай Оспанов есімді ақсақал жақында пауэрлифтингтен өткен Азия, Океания және Африка чемпионатында ардагерлер арасында екі марте жеңіске жетіп, екі рекорд жаңартты.**



Жарыс оңайға соқпады. Өйткені оған әлемнің 80 елінен келген спортшылар қатысқан болатын. Бұл жарыста Дәрібай Оспанов 83 келі салмақ дәрежесінде пауэрлифтингтің екі түрімен ардагерлер арасында М-4 (70 жастан асқан) кіші топта бақ сынасты. Классикада ол отыруда - 130 келіні, жатып сығымдап көтеруде - 120 келі және бітімге тартуда 150 келіні, жалпы 400 келіні бағындырды. Осылайша, жалпы есепте 1 орынды иемденді. Жабдықты түрде отыруда - 140 келіні, жатып сығымдап көтеруде - 150 келіні, бітімге тартуда - 160 келіні, жалпы есептегенде, 450 келіні ырқына көндірді. Сайыстың бұл кезеңінде де бас жүлдегер атанып, ардагерлер арасында Азиянын абсолют чемпионы ретінде танылды. Ал жабдықты түрде 150 келіні жатып сығымдап көтергені және 450 келіні көпсайыста көтергені үшін Азияның екі рекордын орнатты.

- Мен спортқа ойламаған жерден келдім. Ауыр жаттығулардың арқасында Азия мен әлемнің бірнеше дүркін чемпионы атандым. 63 жасымда халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алдым. Әлемдік рекордты 2021 жылы 72 жасымда Теміртауда өткен Қазақстан чемпионатында қайталадым. Гонконгтағы чемпионатқа төрт ай дайындалдым. Әрине,



қиын болды, бірақ жақсы нәтиже көрсеттім. Сегіз медаль жеңіп алдым, қазір он дүркін Азия чемпионы, әлемнің үш дүркін күміс жүлдегерімін, - дейді Дәрібай аға.

Ақсақалдың бұған дейінгі жарыс жолындағы еңбегі жоғары бағаланып, ақпан айында Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан алғысхат, сағат және Бурабайдағы демалыс үйіне жолдама табыс еткен болатын. Дене шынықтыру және спорт басқармасы ақсақалды спорттық құрал-жабдықтар сертификатымен марапаттады.

Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, пауэрлифтингген Азия мен әлемнің екі дүркін чемпионы, Еңбек сіңірген жаттықтырушы Дәрібай Оспанов 1949 жылы теміржолшылар отбасында дүниеге келген. Ол ата-анасының ізін басып, бүкіл өмірін теміржолға арнаған. Спортпен жас кезінен айналысқан. Соңғы 18 жылда пауэрлифтингке қатты қызығушылық танытқан. Ол өзінің алғашқы жеңісін 2010 жылы Филиппинде өткен Азия чемпионатында канжығалапты, бұл додада салмағы 140 келі штанганы көтерген.

Дәрібай Оспанов үш бала тәрбиелеп, олардың барлығының спортқа деген сүйіспеншілігін оятқан. Кенже ұлы Қараманды 13 жасынан бастап өзі жаттықтырады. Нәтижесінде,Қараман Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, пауэрлифтингтен халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанды. Ол жарыстарда өнер көрсетіп қана қоймай, туған ауылы Ағадырда балаларды жаттықтырады.

Үлкен ұлы Алмаз Оспанов - халықаралық дәрежедегі спорт шебері, жоғары санатты жаттықтырушы. Ортаңғы ұлы Манас Оспанов спорт шебері. Әулеттің жастары да үлкендерінен үлгі алуда. Дәрібай Оспановтың немересі Айтас - пауэрлифтингтен сайыстарға бірнеше мәрте қатысқан, спорт шебері нормативін орындаған.

Дәрібай Оспанов мұнымен тоқтап қалмайтынын айтады. Ол аптасына бес рет жаттығуды жалғастырып, ұлдарымен бірге биылғы халықаралык жарыстарда Қазақстанның намысын қорғауға әзірленіп жатыр.

- Қазан айында Моңғолиядағы әлем біріншілігіне қатысуды жоспарлап отырмыз, ал маусым айында Үндістанға барамыз. Жарысқа тұрақты түрде дайындаламыз. Спорттағы ұзақ өмір сүрудің басты құпиясы - жата бермей, үнемі денешынықтырумен айналысу, жақсы қан айналымы үшін сыртта жүгіру қажет. Сонымен қатар алдымызға мақсат қойып, оларға қол жеткізуіміз керек. Менің мақсатым - еңбек сіңірген спорт шебері атағын алу және бірнеше рет чемпион болу, - дейді спорт ардагері.

Спортнен шұғылданып қана қоймай, әлемдік біріншіліктерде атой салып жүрген Дәрібай ақсақалдың жеңісті де жемісті жолы жастарға үлгі...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
***Қарағанды облысы***

Айқын. - 2023. - 22 шілде (№80). - 16 б.